



050059, Алматы қаласы,
Желтоқсан көшесі, №189
тел.: 8 (727) 248-09-62, 265-05-16
www.almaty.prokuror.kz

050059, г.Алматы,
улица Желтоқсан, №189
тел.: 8 (727) 248-09-62, 265-05-16,
www.almaty.prokuror.kz

14.06.2023 № 2-17-23-19109

Барлық мемлекеттік органдарға

Мемлекет басшысы өзінің Қазақстан халқына Жолдауында бүкіл елдің ортақ міндеті азаматтардың сұраныстарына жедел және тиімді ден қоюға мүмкіндік беретін "халық үніне құлақ асатын мемлекет" тұжырымдамасын іске асыру болып табылатынын атап өтті.

Алматы қаласының прокуратурасы азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы өзара байланыстың жай-күйіне мониторинг жүргізді.

Оның себебі кейбір уәкілетті органдардың қол жетімсіздігі және кері байланыстың болмауына қатысты көптеген шағымдардың түсуі болды. Нәтижесінде Алматы қаласының прокуратурасымен мемлекеттік органдардың бірқатар басшылары жауапкершілікке тартылды.

Аталған жағдай азаматтар тарапынан негізделген шағымдар мен билікке сенімсіздік тудырады.

Қазақстан Республикасының «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 8-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік биліктің, жергілікті мемлекеттік басқарудың және өзін-өзі басқарудың заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарының органдары мен мекемелері ақпарат иелері болып танылады.

Заңның 16-бабының 3-тармағына сәйкес ақпарат иелері өз құзыреті шегінде интернет-ресурстарда қызмет туралы жалпы ақпаратты, ұйымдық құрылымды, басшылар мен олардың орынбасарлары туралы мәліметтерді, байланыс деректерін (пошталық мекенжайы, электрондық пошта мекенжайы, анықтамалық қызметтердің, құрылымдық бөлімшелердің телефон нөмірлері) орналастыруға міндетті.

Осы Заңның 9-бабы 2-тармағының 1,3,4-тармақтарының талабы бойынша, ақпарат иесі **ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етуге, дұрыс және толық ақпарат беруге** және ұсынылатын ақпаратта лауазымды тұлға туралы мәліметтердің сәйкестендіруге жеткілікті көлемде болуын қамтамасыз етуге міндетті. Сондай-ақ, Заң ақпарат иелерін ақпараттың сапасы мен уақтылығына ішкі бақылау жүргізуге міндеттейді.

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2021 жылғы 2 сәуірдегі № 114/ҰК "мемлекеттік органдардың интернет - ресурстарын ақпараттық толықтыру қағидаларын және олардың мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы" бұйрығының 7-тармағына сәйкес интернет-ресурстағы жаңалықтар хабарламаларын өзектендіру күн сайын жүзеге асырылады, өзге бөлімдерді

өзектендіру ақпаратты алған немесе жасаған күннен бастап 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

Осыған байланысты барлық мемлекеттік органдар (оның ішінде олардың құрылымдары) ведомствоның қызметі туралы ақпаратты (байланыс деректері және т.б.) интернет-ресурстарда өзектендіру бойынша жұмыс жүргізуі қажет.

Жоғарыда көрсетілген Заң талаптарын орындамау тәртіптік және әкімшілік жауапкершілікке алып келеді (ӘҚБтК-ң 456-1 бабы, прокуратура органдарының құзыретіне жатады).

Қоғам шешім қабылдау процесіне қатысатын, азаматтардың сұраныстарына уақтылы жауап беруге дайын ашық мемлекет елді құзыретті және үнемі дамып келе жатқан мемлекетке айналдырудың бірден бір себебі болып табылады.

Жүргізілген жұмыстың нәтижелері туралы Алматы қаласының прокуратурасына бір ай мерзімде хабарлауды сұраймын.

**Алматы қаласы прокурорының
бірінші орынбасары**

Н. Рақышев

Всем государственным органам

В своем Послании народу Казахстана Глава государства отметил, что общей задачей всей страны является реализация концепции «Слышащего государства», которая даст оперативное и эффективное реагирование на запросы граждан.

Прокуратурой города Алматы проведен мониторинг на предмет состояния взаимосвязи между гражданами и государственными органами.

Поводом послужило поступление множества жалоб на недоступность, недостоверность и отсутствия обратного контакта некоторых уполномоченных органов. По результатам прокуратурой города ряд руководителей государственных органов привлечены к ответственности.

Подобная ситуация порождает обоснованные жалобы и недоверие к власти со стороны граждан.

В соответствии с п.1 ст.8 Закона РК «О доступе к информации» (далее - Закон) обладателями информации признаются органы и учреждения законодательной, исполнительной и судебной ветвей государственной власти, местного государственного управления и самоуправления.

Согласно п.3 ст.16 Закона обладатели информации, в пределах своей компетенции обязаны размещать на интернет-ресурсах общую информацию о деятельности, организационную структуру, сведения о руководителях и их заместителях, контактные данные (почтовый адрес, адрес электронной почты, номера телефонов справочных служб, структурных подразделений).

По требованию пп.1,3,4 п.2 ст.9 Закона, обладатель информации обязан обеспечивать доступ к информации, **предоставлять достоверную и полную информацию** и обеспечивать в предоставляемой информации наличие сведений о должностном лице в объеме, достаточном для идентификации. Также Закон обязывает обладателей информации проводить внутренний контроль за качеством и своевременностью предоставления информации.

В соответствии с п.7 Приказа Министра цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности РК от 2 апреля 2021 года № 114/НК «Об утверждении Правил информационного наполнения интернет - ресурсов государственных органов и требований к их содержанию», актуализация новостных сообщений на интернет-ресурсе осуществляется ежедневно, актуализация иных разделов осуществляется не позднее **3 рабочих дней** со дня получения или создания информации.

В этой связи всем государственным органам (в т.ч. их структурам) необходимо провести работу по актуализации информации о деятельности ведомства (контактных данных и т.д.) в интернет-ресурсах.

За неисполнение вышеуказанных требований закона предусмотрена ответственность как дисциплинарная, так и административная (456-1 КоАП, относится к компетенции органов прокуратуры).

Полагаем, что открытое государство, готовое своевременно реагировать на запросы граждан, где общество вовлечено в процесс принятия решений, сделает страну компетентным и постоянно развивающимся государством.

О результатах проведенной работе прошу информировать прокуратуру города Алматы в месячный срок.

**Первый заместитель
прокурора г.Алматы**

Н. Ракишев

исп. Ыскак Д.
тел.2650292

